# НҰРА

№49(5080)
6 желтоқсан 2008 жыл

Газет 1963 жылдан шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

## Құрметті мұсылман қауымы!

Сіздерді Құрбан айт – қасиетті мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ғасырлар тереңінен бізге жеткен бұл мейрам дінге сенген адамдардың ерік-күшін білдіріп, қайырымдылық және мейірімділік, жауапкершілік және төзім тәрізді мәңгілік рухани құндылықтарға жетелейді.

Әрбір мұсылман үшін Құрбан айт адамшылық идеалдарына, адамгершілікті жетілдіруге, ізгілік істер және мұқтаждарға көмек көрсетуді білдіреді. Ол барлық мұсылмандар қоғамда, өзінің туған жерінде ең жоғарғы орынға қоятын бейбітшілік пен келісімді әспеттейді.

Қасиетті Құрбан айт біздің бәріміздің жан дүниеміздің таза болуына, сақтауға көмектесіп, барлық ізгі бастамаларда табыс әкеліп, жүректі қуанышқа бөлеп, көңілін орнықтырады. Бұл мейрам адамгершілік жаңғырудың, өткенді ой елегінен өткізу және келешек жоспарларды жүзеге асырудың кезеңі болсын.

Шын жүрегімізден барлық мұсылман қауымына, ауданның барша тұрғындарына мықты денсаулық, бақыт және отбасының берекесін тілейміз.

**Аудан әкімі С.Шайдаров.**
**Мәслихат хатшысы Е.Тұранов.**

*Тәуелсіздікке тарту*

## Изендідегі игі істер жалғасын табуда

Ауданымыздың 80 жылдық торқалы тойына 8 игі іс бастамасын ең алдымен қызу қолдаған изенділіктер болатын. Осы мерейтойға 8 игі іс жоспарлап оны іске асыруға кіріскен изенділіктер игі істердің қорытындысы ретінде «Ақ босаға» мейрамханасы пайдалануға берілді. Бұған дейінгі жылдары ауылда мәдени спорттық кешен, халыққа қызмет көрсету орталығы, интернат, наубайхана, балалар алаңы салынып, пайдалануға берілсе, енді кезек тойханаға да келіп жетті.
Қазақ қашанда тойшыл халық қой, шамалы қызығын болса да көппен ортақтасқанды жақсы көреді, ол біздің қанымызға сіңген әдет емес пе? Ауылда жастар көп, ал той жасайтын орын жоқ. Сондықтан ауылдықтардың қамын ойлаған шаруашылық басшысы, аудандық мәслихат депутаты Қанат Отарбаев бұл шаруаны 80 жылдықтың 8 игі ісіне енгізген болатын.

Тойхана шаруашылық қаражатына және өз күштерімен қысқа мерзім ішінде салынып, пайдалануға берілді. Сәулеттілігі жағынан қаланың мейрамханасынан еш кем емес, 200 орындық қонақ залы, жарқыраған талғаммен ілінген люстралар залға ерекше көрік беріп тұр, ал кіре берісте киім ілгіш., қол жуғыш,барынша жабдықталған асхана дәретхана, ыстық, суық су бәрі де бар. Сондай –ақ тгойхана барлық қажетті жиһазбен, ыдыс аяқпен толық жабдықталған, яғни той иелері бұл тойханада ешбір алаңсыз той өткізе алады. Тойхана маңайы абаттандырылған, алдына, маңайына брусчатка төселіп, айнала орнатылған көше шамдары жарқырап тұр. Изенділіктер қуанышында шек жоқ, жан жақтан ауыл басшыларына алғыстарын жаудыруда.



Тойхананың салтанатты ашылу рәсімін Таңатар Отарбаев ашып, алқызыл лентаны жас жеткіншек Әсел мен ауыл қариясы Сембі ақсақал қиды. ҚХР-нан келген Өндірхан ақсақал, ауыл азаматы Жанысов Құрманбай ақ тілектерін ақтара келе, ауыл басшыларына, құрылысшыларға ризалықтарын да жасырмады. Ендігі кезекте изенділіктер имандылық үйі құрылысын бастамақ.
Иә, біз де қысқа мерзімде аудан орталығында жоқ тамаша, заман талабына сай тойхана салып халықтың игілігіне беріп отырған Қанат Отарбаев сынды азаматқа, «еңбегің жансын, ел батасына бөленгенге не жетсін» демекпіз.



*Коррупция - бой*

## На повестке дня - острый вопрос

В офисе партии «Нур Отан» прошло совместное заседание Политсовета районного филиала НДП «Нур Отан», депутатской фракции и общественного совета по борьбе с коррупцией, где рассматривалось слушание правоохранительных органов по реализации задач, поставленных Президентом РК Н.А.Назарбаевым в выступлении на антикоррупционном форуме 6 ноября 2008 года.

Первый заместитель председателя партии Д.К.Баянов начал с того, что проблема искоренения коррупции в республике остается одной из ключевых. Для борьбы с этим злом партией инициирована специальная программа «Десять сокрушительных ударов по коррупции» на 2006-2010 годы.

Именно по этой программе ведется широкомасштабная работа общественного совета по борьбе с коррупцией районного филиала партии. Важно то, что членами совета стали люди с активной гражданской позицией, представители неправительственного сектора, юристы. Не менее важно и то, что нуротановцы сумели наладить работу совета.

Приглашенные на заседание начальники отделов дорожной полиции, по делам несовершеннолетних и участковые инспектора дали полный анализ той работы, которая направлена на надежную защиту граждан от преступности. Благополучная жизнь и безопасность граждан зависит от надежной и добросовестной работы правоохранительных органов.

При ОВД Нуринского района создан наблюдательный совет с участием представителей партии, маслихатов, адвокатуры, журналистов. Цель и задачи членов совета – полное и своевременное информирование граждан, пострадавших от преступлений, о ходе проводимых по их делам расследований. Кардинальным образом улучшается ситуация на дорогах, повышается эффективная работа дорожной полиции с целью снижения количества автомобильных аварий и случаев гибели людей.

Постоянно ведется профилактическая работа с детской преступностью, совместно с врачом наркологом и молодежным крылом «Жас Отан» проводятся такие мероприятия, как: «Всеобуч», «Нет наркотикам», «Қамқорлық - Тұрмыс», «Подросток». Были проведены лекции и беседы на правовую тематику с учащимися школ, профтехлицея и родительской общественностью.

Председатель общественного совета по борьбе с коррупцией Т.А.Мукушев, подводя итоги заседания, еще раз напомнил, что с коррупцией нужно бороться сообща, ведь эта опасность тормозит все проводимые социально-экономические реформы.

Только так мы сможем добиться всех стратегических и амбициозных целей, которые сегодня стоят перед нашей республикой, на то мы и народная партия, чтобы защитить интересы всех казахстанцев.

Уважаемые жители района, еще раз напоминаем, что в районном филиале НДП «Нур Отан» создан общественный совет по борьбе с коррупцией и имеется телефон доверия: 21-7-23.

**А. Комекпаев,** член общественного совета по борьбе с коррупцией

*Қамданған қапы қалмайды*

## Тұрақтандыру шаралары - әлеуметтік тұрақтылық кепілі

«Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалының кестесі негізінде партия төрағасының орынбасары Д.Баянов үгіт насихат тобымен ауданның елді-мекендеріндке болып, Елбасымыздың өзі басқарып отырған партияның тыныс тіршілігімен және бүгінгі таңдағы елімізде жүргізіліп отырған әлеуметтік экономикалық өзгерістер жайында тұрғындармен кездесу еткізіп, пікір алысты. Өткен жұмада бұл ақпарат тобы Щербаков, Изенді ауылдарында болып қайтты. Ең алдымен топ мүшесі «Нұра» газетінің бас редакторы Б.Ахметова жұртшылықты Қазақстанда әлемді шарпыған дағдарысты еңсеру бағытында жүргізіліп жатқан шаралар және осы орайда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға берген тапсырмаларын орындау барысында облыста және ауданда тұрақтандыру іс шаралар жоспарлары әзірленіп, атқарылып жатқан іс шаралар жайында айтып берді.
Одан соң «Нұр Отан» ХДП-ның аудандық филиалы төрағасының орынбасары Д.Баянов партияның бүгінгі тыныс-тіршілігі және алдағы атқарылар ауқымды істер жайында әңгіме қозғады.
Ауылдықтар атынан сөз алған «Қайнар» ЖШС-нің директоры С.Нығметов, «Отқанжар» ЖШС-нің директоры, аудандық мәслихат депутаты Қ.Отарбаев ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің тұрақты қалыпты сақтайтындығын, ол үшін бірлесіп еңбек етудің қажеттігін, еселі еңбекпен ғана қандай да болсын тығырықтан шыға алатындықтарына сендірді.
Сонымен қатар, олар ауылды толғандырар бірнеше проблемаларды да ортаға салды.Жалпы кездесу соңында ауылдықтар «Нұр Отан» ХДП өкілдеріне осылай шалғай ауылдарға келіп, партияның бастауыш ұйымдарымен, тұрғындармен кездесіп, сұхбаттасқандарына ризалықтарын білдіріп, партия жұмысын жандандыру жайлы ұсыныстарын да білдіріп жатты. Кездесуді қорытындылаған «Нұр Отан» ХДП-сының аудандық филиалы төрағасының орынбасары Д.Баянов партия мен атқарушы органдардың бір мақсаттың аясында жұмылғандығын, атқарушы органдардың атқарып отырған шаралары «Нұр Отан» ХДП-ның сайлауалды бағдарламасына сәйкес келетіндігін айта келе, оған қолдау білдіріп, ауылдықтарды кездесуде айтылған өтініштердің аяқасты қалмайтындығына сендірді.

**Өз тілшімізден.**

*Тәуелсіздік күніне орай*

## Еркіндік – ежелден ел тілегі

**“Ата - бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мақсат - соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау”. Н.Ә.Назарбаев.**

Пай, пай, пай!
Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер.
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер!
М.Мақатаев.

Үлкен жүректі, ұлы сезімді, шалқар шабытты ақын Мұқағали жырына арқау болған, біздің атамекеніміз, қазақ даласы – бабаларымыздың ұрпағына қалдырып кеткен асыл мұрасы.

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай тіршілік иесі нәр алып жаралған талай езегі ертенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Елім менің! Бұл өз үйіңнің табалдырығынан басталады. Содан шетсіз, шексіз қияға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның кеудеңе құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары, осының бәрі – туған елдің бір бөлшегі.

Туған ел мағынасы тереңде жатыр. Балғын балалық шақ! Күлдір-күлдір кісінеп, айнала шапқылаған ала аяқты құлыншақ! Сәуірде бүршік атқан, қылтиып күн көзіне көрінген балауса көк шөп. Өзен үстінде үйіріліп ұшқан шағала! Кемеріне еркелей соққан көгілдір көл. Күннің қызғылт шапағына бөленген үйлер, осының бәрі – тұтас тұрған туған ел!

Сарыарқаның самалдай ескен желімен жарысып, қыр төсіңнен қырмызы гүліңді құндақтаған, жасыл көрпеңде емін-еркін аунап, гүл әтірін иіскеп, енді бір сәтте шалқамнан жатып, жеңкілген ала бұлттармен сыр шертісетін, аяулы анамдай алақаныңда еркелеткен ерке қызың едім мен.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Нендей күйге жүрегімді бөледің.
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім,-

деп, Қасым ақын толғанған қасиетті мененіміз – Қазақстан-егемен ел болып, XXI ғасырдың табалдырығынан аттады.

Құлағыма өткен тарих тереңінен «елім-айлап» кеткен ата-бабамыздың зарлы үні келеді. Көздерінен қанды жас ағып, елімен, жерімен қимастықпен қоштасып, қаншама қазақ туған елінен, туған жерінен айырылды. Бүгінгі күні солардың ұрпақтары елге оралуда.

Сонау бір өткен күндерде еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, жолбарыстай жортқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз да елдің егемендігі үшін күрескен еді ғой.

Аз ғұмырын ой мен арманға толтырып, қазақ аспанында құйрықты жұлдыздай ағып өткен жас Шоқан мен осынау байтақ өлкеде оқу-білімді шырақтай маздап жандырған Ыбырай арманы да халықтың келешегі емес пе! Қараңғы қазақтың тұтасқан бұлтты аспанын ағарта ай боп туған, жайната күн боп кірген ұлы Абай арманы да қазақ халқын биіктен көру еді.

Міне, бүгінгі күні осы арманға қолымыз жетті. Еліміз егемен Қазақстан атанып, көк байрағымыз көгілдір, тәуелсіз қазақ аспанында желбірегеніне он жеті жыл толды.

Елордамыз - Астана күн сайын құлпыра өсіп келеді. Қала көз алдымызда сәулетті де, сәнді шаһарға айналды. Сылдырай аққан ерке Есіл өз сұлулығымен қаланы көріктендіре түсуде. Есілдің суы меп-мөлдір, түп-тұнық. Бұл өзеннің мөлдірлігі қандай?! Оны ауызбен айтып жеткізе алмайсың.

Есіл өзенім – мақтанышым, киелім,
Перзентіңмін сені мәңгі сүйемін.
Бәрі мендік – гауһар тасың, суың да.
Ботасындай жатып қалған түйенің.
Киелі топырақ Есіл өзеннің басында.
Аңыз, өлең халық та бар, расында.
Туып, өстім қойнауыңда Есіл өзен,
Бар сырыңды білмеппін ғой жасымда.-

деп өлең жолдарына қосқым келеді.

Міне, осылай сылдырай аққан Есіл өзеніндей өмір де бір қалыпты тұрмады. Желбіреп еркіндік таңы атты.

Осыдан бір ғасыр бұрын халқының тәуелсіздігі жолында күрескен ұлы бабам Кенесары елінің астанасының қақ ортасынан орын теуіп, еркелей аққан Есілге көрік беріп, болашақ ұрпағын ерлікке шақырып тұратынын білді ме екен?!

Желбіреп көкте байрағың
Артта қап тартқан азабың.
Аман боп ауыл-аймағың
Айбарың ассын, қазағым,-

дей отырып, осынау дарқан жүректі, кең жазира көңілді, ақын жанды халықтың ұрпағы болғаныма қуанамын да мақтанамын.

Мен- құрағы, болғанда елім – бұлағым,
Мынау сайын далам – менің тұрағым,-

деп жырлай отырып, мың өліп, қайта тірілген елімнің егемендігі ұзағынан сүйіндірсін деп тілеймін.

**Ботагөз Сембайқызы**,
Л.Гумилев атындағы Еуразия Университетінің студенті

**"Мы будем и дальше идти по пути совершенствования казахстанской модели политического и государственного устройства, сочетая общепризнанные закономерности демократического развития и традиции нашего общества. За 16 лет независимости мы реализовали собственную модель обеспечения общественной стабильности, межнационального согласия, формирования казахстанской идентичности и общеказахстанского патриотизма.**

Н.Назарбаев. Из Послания народу Казахстана.

## Наш Президент!

Наш Президент, хвала ему!
Привел к стабильности страну
В большой стране, где все равны,
Где всем возможности даны.
Живи, работай, процветай,
Богатство в дом приумножай.
Чтоб дети, внуки, старики,
Спокойно жить всегда могли.
Чтоб степи, горы и леса,
Моря, равнины и поля
И воздух чистый как слеза,
Нас окружало все всегда.
Чтобы в стране нашей родной,
Царил уют, царил покой.

Чтоб дети бегали гурьбой,
Дружили все между собой.
Чтоб люди все нашей страны,
Спокойно ночью спать могли.
С поклоном низким перед ним,
Мы все его благодарим.
За то, что есть у нас такой,
Богатый опытом герой.
Его родителям поклон,
Что сын их стал нам всем отцом.
И то, что с гордостью скажу
Он молодец – хвала ему!

Р.А.Михалева,
с. Алгабас.

## Об утверждении Плана совместных действий Правительства, Национального банка, Агентства по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций Республики Казахстан по стабилизации экономики и финансового сектора на 2009-2010 гг.

25 ноября т.г. в Үкімет Үйі состоялось заседание Правительства Республики Казахстан. Рассмотрен окончательный проект Плана совместных стабилизационных действий Правительства, Нацбанка и АФН, доработанный с учетом замечаний и предложений экспертов Всемирного банка, финансового сообщества страны, крупного бизнеса, а также Народно-демократической партии «Нур Отан». В этой связи, Премьер-Министр К.Масимов подчеркнул, что «рассматриваемый План действий составлен с учетом предложений всех заинтересованных органов, высказанных в ходе проведенных с ними ранее консультаций».

По итогам обсуждения проект Плана по стабилизации экономики и финансового сектора на 2009-2010 гг. утвержден. Как известно, данный план подготовлен по поручению Главы государства и отражает все установки, данные Президентом страны на расширенном заседании Правительства 13 октября и на заседании Совета национальных инвесторов 21 ноября т.г.

Основной целью Плана является смягчение негативных последствий глобального кризиса на социально-экономическую ситуацию в Казахстане и обеспечение необходимой основы для будущего качественного роста казахстанской экономики.

В ходе заседания Премьер-Министр страны К.Масимов особо акцентировал вопрос организации оперативного и качественного исполнения всех запланированных мероприятий, обеспечения эффективного контроля и прозрачности действий всех структур, исполняющих План, а также механизмов контроля над целевым использованием бюджетных средств. «Общество должно знать, куда и как расходуются выделенные средства»- подчеркнул Глава Правительства.

В этой связи были четко разграничены функции и определены зоны ответственности задействованных госорганов, структур и их руководителей.

Национальный банк ответственен за управление денежно-кредитной политики в условиях мирового кризиса.

Агентство по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций ответственно за регулирование финансового сектора страны и управление рискам ликвидности. В том числе, опросами ограничения внешних заимствований банков, достаточности их капитала и мониторинга качества активов банковского сектора.

АО «ФНБ «Самрук-Казына» как основной оператор финансовыми средствами, выделенных на реализацию Плана действий, ответственен за оперативное проведение процедур дополнительной капитализации банков, оперативную организацию деятельности Фонда стрессовых активов, а также управление активами, заимствованными из средств накопительных пенсионных фондов для финансирования приоритетных инвестиционных проектов. Также за Фондом национального благосостояния закреплена практическая реализация специальной программы ипотечного кредитования и развития жилищного сектора, а также оперативное управление финансовыми средствами, выделенными на реализацию инновационных, индустриальных и инфраструктурных проектов.

В сфере поддержки малого и среднего бизнеса АО «ФНБ « Самрук-Казына» ответственно за доведение средств, выделенных на текущие и реализацию новых проектов до конечного потребителя – малого и среднего бизнеса, а также реализацию программы микрокредитования в сельской местности

Национальный холдинг «Казагро» ответственен за управление средствами, выделенными на форсированное развитие агропромышленного комплекса, и их реализацию совместно с Социально-предпринимательскими корпорациями.

Местным исполнительным органам предоставлено право выкупа квартир в завершенных объектах, а также в объектах с высокой степенью готовности у частных застройщиков по установленной цене. Национальными компаниями и акционерными обществами с государственным участием будет приобретаться на рынке городов Астаны и Алматы новое жилье по справедливой стоимости.

В этой связи на заседании Правительства руководители Национального банка, АФН, Фонда национального благосостояния «Самрук-Казына», Национального холдинга «Казагро» доложили о мерах по реализации Плана действий по своим направлениям.

Премьер-министр страны К.Масимов поручил Министерству экономики и бюджетного планирования в течение двух недель разработать пошаговый календарный график исполнения Плана действий по стабилизации экономики и финансового сектора на 2009-2010 г. с персональным закреплением ответственных исполнителей и указанием конкретных сроков исполнения.

**Пресс-служба**
**Премьер-Министра Республики Казахстан**

## Нұра ауданы бойынша Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған іс – шаралар жоспары

1. Аудан мектептерінде «Астана- болашақтың қаласы» атты суреттер конкурсын өткізу. 8 -13желтоқсан Аудандық білім белімі
2.Қайырымдылық акцияларын екізу. 1-17 желтоқсан Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар белімі

**Салтанатты жиналыс өткізу.**

1. Аудан әкімінің баяндамасы
2. Ауданның дамуына қомақты үлес қосқандарды және тұрақтандыруға белсене қатысқандарды марапаттау
3. «Тәуелсіздік салтанаты –салтымның, тәуелсіздік ақ таңысың-халқымның» атты мерекелік мәдени бағдарлама 12 желтоқсан Аудан әкімінің аппараты,Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
4.Ауылдар мен кенттерде ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиындар өткізу. 13 -14 желтоқсан Ауыл және кент әкімдері
5.Аудандық «Жас сұңқар» патриоттық әндер конкурсын еткізу 5 желтоқсан Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
6. «Тәуелсіз Қазақстан мәдениеті» атты интелектуалдық ойын. 09.12.2008 ж.Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.
7..Кепшілік мерекелеуді ұйымдастыру 16 желтоқсан Ауыл және кент әкімдері, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
6.ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «тоғыз құмалақтан, үстел үсті теннисінен, волейболдан, шахматтан, мини футболдан» жарыстар өткізу. 16 желтоқсан Спорт бөлімі
9.Мерекелік жәрмеңкелер ұйымдастыру 16 желтоқсан Кәсіпкерлік бөлімі

**Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі**

## *Құрбан айт қабыл болсын!*

Құрбан айт ай күнбесімен зу-л-хижжа айының онуншы күнінен басталып, төрт күнге созылады. Зу-л-хижжа айының бес күні, яғни Арафа күнінен кейінгі Құрбан айтының үш күні «Аййамут- ташриқ» (ташриқ күндері) деп аталады. Бұл күндері парыз намаздардан кейінташриқ тәкбирі айтылады. Дәлірек айтқанда тәкбирдің айтылуы Арафа күнінің таң намазынан басталып, айттың тертінші күнінің аср намазына дейін созылады. Ташриқ тәкбир былай айтылады: «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Лә иләһа иллаллаһу, уаллаһу әкбар. Аллаһу әкбар уәлиллаһил хамд».

Ташрих тәкбирін айту ер кісілерге – уәжіп. Әйел және мүсәпірге шарт емес. Алайда мүсәпір мұқым кісіге ұйыса, оған ташриқ тәкбирін айту уәжіп болады.

Биылғы Құрбан айт 8-9-10 желтоқсанда болады, шек 7 желтоқсанда. Айт намазы Нұра аудандық орталық мешітте 8 желтоқсан күні сағат 10.00-де басталады.

Құрбан шалу – уәжіп. Дәлел: Аллаһ тағала «Раббың үшін намаз оқы және құрбандық шал» (Кәусәр сүресі, 2-ші аят) – деп бұйырады. Құрбандық шалу да – құлшылық. Құлшылықты шын ықыласпен орындау керек. Құранда Аллаһ тағала: «Аллаһқа сіздерден шалған құрбандықтарыңыздың еттері де, қандары да жетпейді. Бірақ, Аллаһқа сіздердің тақуалық ықыластарыңыз жетеді». Құрбандық шалған кісіге Аллаһ разы болады. Шалынған құрбандық малы қиямет күні қайта тіріліп, алдыңнан шығады. Айша анамыздан риуаят, Расулл Аллаһ: «Адам баласының Құрбан айт күніндегі сауап істерінің ең жақсысы – қан шығару (яғни құрбандық шалу). Ол (сойылған мал) қиямет күнінде мүйізі, жүні және тұяқтарымен куәлікке келеді. Құрбандықтың қаныф жерге тамбай жатып, Аллаһ тағала құзырында бір сый орынға барып түседі. Осылай болса құрбандықты шын ықыласпен шалыңыздар» дейді.

Құрбандықтың қанмен бірге иесісінің күнәлары төгіледі. Сират көпірінде пырақ болады.

Құрбандық төрт түлік мал: қой, ешкі түйе және қара малдың еркегі және ұрғашысы шалына береді. Бұлардың түйе бес жаста, қара мал екі жаста, қой мен ешкі бір жасқа толған болуы талап етіледі. Сондай-ақ қой мен ешкі қомақты болса, алты айлық тоқты да құрбандыққа жарайды. Осы терт түлік малдан басқа жануарлар құрбандыққа жарамайды.

Құрбандық шалу уақыты – Құрбан айт намазы оқылғаннан кейінгі үш күннің тыс уақытта сойылған мал құрбандыққа жатпайды. Себебі пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір сөзінде: «Бұл күні біздің ең әуелі ісіміз – намаз оқу. Одан кейін үйге қайтып құрбан шалу. Кім осылай етсе біздің сүннетімізге ерді. Кім айт намазынан бұрын шалса, құрбандық емес бәлкім бала-шағасына берген жәй еті сияқты болады» деген.

Құрбандық малы қалай шалынады? Түйеден езге мал сол жамбасына жатқызылып, құбылаға қарап бауыздалады. Шалатын кісі тәкбир айтқаннан кейін «Бисмиллахи Аллаоху Акбар» - деп малды өткір пышақпен бауыздайды. Малды бауыздайтын адам тек қана «Бисмиллахи Аллаоху Акбар, Бисмиллих немесе субханаллах» - десе де болады.

Құрбандық малының етіне келетін болсақ, бірігіп сойылған түйе және қара мал еті таразыға тартылып, тең бөлінеді. Құрбандық етін мұқтаждарға садақа етіп таратуға болады. Дегенмен, дұрысы үшке бөліп , бір бөлігін мұқтаждарға садақа ету, екінші бөлігін туыс пен таныс, көршілерге тарату, үшінші белігін өз бала-шағасына беру. Сонымен бірге құрбан етінен мұсылман болмаған кісілерге де беруге рұқсат етіледі. Құрбандықтың терісін мұқтаждарға садақа етіп берсе де болады. Құрбандық терісін сату немесе терісін илеуді кәсіп ететін адамдарға беру дұрыс емес. Имам Хаким риуаят еткен хадисінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «құрбандықтың терісін сатқан кісінің құрбандығы жоққа есепті» деген. Тері қор болып қалмасын дегендер кей жағдайда сатса да ақшасын пайдалана алмайды. Себебі ол садақаға жатады.

Айт күндерінде мынадай әдептілік қағидаларын сақтаған жөн.

1. Айттың күндізі мен түнінде көп дұға ету. Айт күндері дұғалар қабыл. Құрбан айт түндері құлшылық ету мен дұға және құран оқып еткізу ете сауапты іс. Бұған қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Рамазан және Құрбан айт түндерінің сауабынан үміттеніп, ғибадатпен өткізген кісінің жүрегі өзге жүректер өлген күні - өлмейді.» Хадисті Убада ибн Сомиттен Табарани риуаят еткен.
2. Айт күндері ерте тұрып, намазға ғұсыл алып, сосын бару.
3. Жаңа немесе таза киім кию.
4. Шамасы келсе намазға жаяу бару. Себебі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт намаздарына жаяу жүріп барған.
5. Айт намазына бара жатып. жолда тәкбир айту.
6. Хош иісті су, әтір себу.
7. Көңілді, шат болып жүру.

Айт күндері – мейірім мен шапағат, рақымшылық, достық сезімін тудыратын күндер. Айт күндері әсіресе ата-анаға ерекше ілтипатпен қарап, құрмет көрсету - әрбір мұсылманның қасиетті борышы. Себебі Исламда Аллаһ тағалаға ғибадат етуге бұйырылғаннан кейін, ата-анаға құрмет көрсетуге нұсқау берілген.

Айт күндері өзара кездескен мұсылмандар бір-бірлерін айтпен құттықтап, туыс, жора-жолдастарын зиарат етіп, жақсылық тілек білдірулері әдептілік белгісі болып есептеледі. Сондай-ақ науқастардың жағдайынан хабар алып, оларға шипа тілеп, ізгі ниетімізді білдіру, көршілер, ауылдастар мен мұқтаждарға ерекше құрмет керсету, жетім-жесірлерге жәрдем беріп, көңілдерін көтеру, марқұмдарға дұға ету, ажырап кеткендерді табыстыру - әрқайсысымыздың мұсылмандық борышымыз.

Құрбан айт намазынан бұрын ішіп-жеу мах болмайды. Дегенмен, құрбан шалатын жағдайда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне сай айт намазын оқып біткенше өзін тежеп. ішіп-жеуден тыю мұстахаб (ерікті).

Құрметті мұсылман бауырлар!

Осы Құрбан айт күндері Аллаһқа құлшылық етіп, шамамыз ниет етейік. Осы қасиетті күндері мұқтаждарға, жетім-жесірлерге мейіріммен қарап, құрбандыққа шалынған малдың етін соларға садақа жасау, шексіз сауап болатынын ұмытпайық. Осы Құрбан айтта бала-шағамыздың, туған-туыстарымыздың амандығын тілеп, құлшылық етейік. Аллаһ баршамызға жар болсын!

**Құмар Қоныскерей,Нұра ауданының Бас имамы**

*Актуально*

## Обеспечение экономической безопасности – в страховании

В конце прошлой недели в помещении районного представительства Нур Отан с участием первого заместителя председателя НДП Д.К.Баянова состоялся семинар-круглый стол, поднявший актуальные вопросы поддержки предпринимательства. Главной задачей мероприятия, которое провели директор департамента маркетинга АО «Страховая компания «АСКО» С.Ю.Силищева и директор Карагандинсконго региона Л.И.Герасименко, стала консультационно-просветительская помощь представителям малого бизнеса, а также руководителям организаций и учреждений. Цель семинара состояла в том, чтобы приглашенные не просто прослушали о новшествах в законодательстве, но и сняли с себя какие-то сомнения и приобрели уверенность, что страхование на сегодняшний день – очень перспективное направление и выгодная сфера вложения денег.

Вся работа семинара была направлена не на рекламу какой-то конкретной страховой компании, перетягивание клиентов на свою сторону, а носило разъяснительный характер, в частности: как построить свои отношения с работником, как уплатить налоги, как учесть тот или иной расход у себя, правильно заключить договор страхования и.т.д. В итоге все это сводилось к единому мнению, что страхование – это выгодно, что страховая компания, предлагающая услуги, не обманет и не просто соберет деньги, но и реально произведет выплату и поможет в трудной ситуации, которая может случиться на производстве.

В данной связи были проанализированы те проблемы, которые могут быть интересны предпринимателям на сегодняшний день, а потому на семинар были приглашены представители госорганов, в частности заведующий отдела предпринимательства, Ж.А.Мухамеджанов показал ситуацию развития предпринимательства и государственной поддержки бизнеса в районе. Пригласили также инспектора департамента труда А.Ш.Абдрахманову в связи с тем, что в настоящий момент повсеместно проводится акция по заключению коллективных договоров на основании изменений трудового законодательства. Так как очень актуальным аспектом является уплата налогов, в этой связи пригласили начальника отдела по работе с налогоплательщиками НК по Нуринскому району А.С.Еримову, которая разъяснила вопросы и показала перспективы предпринимателям, что ждет их с нового года, как изменятся их отношения с государственным бюджетом.

Ведущие семинара, естественно, попытались рассказать о том, как правильно заключать договоры страхования, правильно выбирать компанию, на что надо обращать внимание, что ожидать от страховани и какие аспекты своей деятельности можно застраховать.

Несколько слов было сказано и о районном филиале, осуществляющем деятельность по страхованию 11-ти видов направления, который возглавляет Х.Х.Баймагамбетов. Данное представительство работает уже с достаточной сетью агентов – обученных людей, умеющих не просто правильно заключать договора, но и грамотно консультировать. В настоящий момент с учетом изменений в законодательстве. в частности законодательства, касающегося обязательного страхования автовладельцев, головной компанией будут приняты все меры для обеспечения филиала материально и оказания помощи в организации работы, чтобы естественно та услуга, которую получат потенциальные клиенты – была качественной и на современном уровне.

Страховая компания «АСКО» на сегодняшний день уверенно смотрит в будущее и позиционирует себя как надежная компания, умеющая защищать своих клиентов от неблагоприятных случайностей, имея в достаточности финансовых и кадровых ресурсов. строго выполняющая требования надзорного органа. На страховом рынке Казахстана она функционирует почти 20 лет и является одной из первых негосударственных компаний, предлагающей услуги в соответствии с международными стандартами качества. Филиалы и представительства «АСКО» расположены во всех городах и областных центрах Казахстана, в презентабельных офисах которых имеется все необходимое для обеспечения высокого уровня клиентского сервиса.

Нельзя не отметить, что большим плюсом ведущие семинара признали проведение его в виде круглого стола именно в стенах районного представительства НДП Нур Отан, где по их словам была создана прекрасная атмосфера партнерства. А участие в нем первого заместителя НДП и его непраздный интерес в решении многих проблем, особенно актуальной сегодня антикоррупционной деятельности, заверили гостей из области, что Нуринский район – один из самых позитивных районов, где работа любой отрасли поставлена на должном уровне.

**Наталия ШЕВЧЕНКО**

Нур Отан

## Прием ведет депутат

Вот уже второй год в общественной приемной районного филиала НДП «Нур Отан» каждую третью пятницу месяца проводит прием населения секретарь областного Маслихата Бейсембай Куанышович Жумабеков.

Все, кто приходит на прием к депутату, надеется на содействие в решении своей проблемы. И следует отметить, что Бейсембай Куанышович старается решить возникающие вопросы максимально оперативно. Но не только личные дела волнуют сельчан.

Так, директор СШ с. Карой З.М.Максутов обратился к депутату по вопросу строительства спортивного зала не только для учащихся, но и для молодежи. Село Карой стабильно развивается, заметно ощущается прирост населения. И спортзал необходим.

Директора Индустриальной СШ В.С.Макуса на прием к депутату делегировали жители с. Тассуат, где тоже заметен значительный прирост населения. Пятидесяти шести малышам нужен детский сад. Мини-центр при школе уже не может удовлетворять запросы сельчан, т.к. там дети находятся неполный день.

А.Б.Рахматуллина, директора СШ им.Мынбаева, интересует вопрос о строительстве нового здания школы. Старое, построенное в 1970 г., уже не соответствует современным требованиям.

Депутат обстоятельно разъяснил перспективы строительства объектов образования в нашем районе. Планируется строительство новой школы в п. Киевка, интерната для учащихся близлежащих сел. Все эти объекты будут построены с учетом современных требований. Перед педколлективами стоит задача усиления профессиональной направленности среди учащихся. Надо думать о направлении выпускников на медицинские и педагогические специальности, чтобы они возвращались в родные места. Уже в будущем году предусматривается обучение в медицинских ВУЗах за счет бюджета области. Эта перспектива заинтересовала руководителей школ.

Председатель районного филиала обкома профсоюза работников образования Т.А.Акижанов обратился с вопросом об увеличении финансовой компенсации коммунальных услуг учителям.

Пенсионера И.А.Цубикса давно волнуют природоохранные вопросы, в частности, пути искоренения браконьерства.

Таким интересным и содержательным получился разговор депутата со своими избирателями в ноябре.

**С. ОМАРОВА,**
член Союза журналистов РК

## К сведению руководителей предприятий и организаций

В соответствии со ст. 18-1 Закона РК «О занятости населения» отдел занятости и социальных программ Нуринского района на договорной основе с предприятиями и организациями создает социальные рабочие места для лиц из целевых групп населения, зарегистрированных в отделе занятости и социальных программ в установленном порядке законодательством РК.

С 2006 года совместно с предприятиями: ПК «Индустриальный», ТОО «Карой», Нуринское РМО, ИП «Абильдина Галия Кудайбергеновна», ЧП «Карбаева», НПО «По содержанию и уходу одиноких и престарелых, и оставшихся без попечительства пожилых людей» создали 30 социальных рабочих мест и трудоустроили на созданные социальные рабочие места 30 безработных граждан из числа целевых групп: молодежь в возрасте до 21-го года – 10 человек, малообеспеченных – 20 человек.

Компенсация затрат работодателей на оплату труда безработных, трудоустроенных на социальные рабочие места составила 422 тысячи тенге. На основании акта выполненных работ компенсации перечислены на расчетные счета работодателей.

Расходы работодателей на оплату труда безработных, трудоустроенных на социальные рабочие места, возмещаются из средств местного бюджета в размере 50% минимальной заработной платы, установленной законодательством РК.

Желающих создать социальные рабочие места на договорной основе в 2009 году на предприятиях и в организациях района просим обращаться в отдел занятости и социальных программ по адресу: п. Киевка, ул.Абая, 56. контактные телефоны: 22-6-60, 21-6-69. (факс 22-6-46).

**Г.ЖУПЕНОВА,**
начальник отдела занятости и социальных программ

## Ынтымағы жарасқан ел

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан азаматтарының тұрмысын жақсартуды арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты»» атты халыққа биылғы жолдауы алдағыкезеңге бағыт-бағдарымызды барынша айқындап берді. Тәуелсіздігіміз нық орнағаннан бері ел экономикасының және мелекетіміздің берік іргетасы қаланып, дамудың жаңа кезеңіне көштік. Жаңару мен жақсару белең алған уақытта халқымыз ішкі тұрақтылыққа, дамудың әлеуметтік іргесінің беріктігіне қол жеткізді. Бүгінде экономиканың қарқынды дамуы әлеуметтік жағдайдың жақсаруына ықпал етуде.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту негізінде кедейшілік деңгейін төмендету, жұмыспен қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын арттыру кіреді.

Міне, «айтып-айтпай не керек»- дегендей, шалғайда жатқан Теңіз өңіріндегі Құланөтпес ауылының тұрғындары өз ауыл тынысында елінің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену жолындағы бірқатар мәселелер шешімін ұштастыра білуде. Ауылдан қалаға дамылсыз көшу үстіндегі көшпелі қазақ тұрғындарының саны жылдан-жылға азайып, ел өзінің ұйымшылдығымен қызу өмір кешуде. Қазірде тұрғындар саны 523 адам, төрттүлікті бағалай білген қазақ, ауыл шаруашылығында қара мал 1330 бас, қой 1007 бас, 850 бас жылқы бар.

Ауыл арасындағы санитарлық тазалау, күл-қоқыс өз реті бойынша тазалануда. Ауылдың орталығындағы Құланөтпес орта мектебі сондай-ақ, Ақтүбек, Нығыман негізгі мектептері ағымды жылдық жөндеуден өтті. Мектептер жылы, жарық, оқушылардың мол білім мен жақсы тәрбие алуларына толық мүмкіндіктер жасалған.

Ауыл кеші көңілді-дегендей, ауылдағы Мәдениет үйінде әр мереке сайын ауыл жастары, оқушылар мен тұрғындардың ұйымдастыруымен мерекелік іс-шаралар өтіп отырады. Мерекелік сый-сияпаттар, қарттар мен жалғызіліктілерге көмек ауылдың шағын кәсіпкерлерінің демеушілігімен беріліп жатады, олар: Ғ.Бикошева, Б.Қайыржанова, А.Боқанова және К.Асанова сияқты азаматшалар елдің рахметіне бөленуде.

Аудандық әлеуметтік бағдармалар бөлімі ауылдың жас отбасына А.Алиевке көмек ретінде шағын жеке монша ашу үшін 40 мың теңге мөлшерінде ақша бөліп берді. Бұрынғы ауылдағы моншасы қазірде тек орны қалған, шағын жеке монша ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін өтеп келеді. Үлкен істің бастауы, кішкенеден басталады. Мұндай қолдау-көмектер арнайы мамандықтары жоқ, жұмыссыз отырған жастарға ез септігін тигізіп, оларды аяқтандыруға жол беретіні дұрыс-ақ.

Ауыл зейнеткерлері, мүгедектері, ұстаздар, әр түрлі жәрдемақы алушылар ай сайын ақшаларын уақытылы алып отыр. мұның өзі елдің әл-ауқатының жақсаруының бір белгісі.

Сондай-ақ ауыл кітапханашысы, байланыс торабы, электр желісінің қызметкері, ауылдық фельдшерлік медбикесі ауыл әкімі аппаратымен, жалпы жұртшылықпен тығыз байланыста жұмыс атқаруда.

Ел-аман, жұрт-тыныш ауылдық учаскелік инспекторы мен ауылдың ақсақалдар алқасы елдің ішкі тәртібін реттеуде, ауыл арасында той-думанда тәртіп бұзушылық, маскүнемдік сияқты жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануды қатаң қадағалайды. Елбасы «Қазақстан енді үшінші әлем елі емес, бұл барша Қазақстанның өткен 17 жылдағы жұмысының басты нәтижесі» деп атағандай, алысты жақыннан болжаған қазақ атамыз өзінің болашағын білімді бәсекеге барынша қабілетті дені сау ұрпақтан күтеді. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесі, олардың терең білім алуы ең басты міндеттеріміздің бірі. Шүкір, еліміздің тәуелсіздігіне биыл 17 жыл толып отыр. Осы келте уақытта қазақ елі өзінің ұмыт бола жаздаған асыл-қазыналарын, әдет-ғұрпын қайта жандандырды. Бүгінгі біз көріп отырған ұрпақ сол қазақтың ибасы мен инабатына, үлкенге-ізет, кішіге-құрмет деп білген тәрбиенің асылына қанығуда. Әсіресе, ауыл жастары бұл тәрбиеге басымырақ. Ауылымыздың ақсақал-қариялары М.Хамитов, А.Елубаев сияқты аталарымыз, үлкен апаларымыз А.Мұсабаева, К.Хамитова, Ж.Алиева, А.Алдабергенова т.б. Ақтүбек, Отарбай, Нығыман бөлімшелеріндегі де апа-аталарымыз кезінде өздері көріп білген өмірдің небір белестеріндегі өсиет-ақылдарын айтып отырады. Елдің ішіндегі әрқилы жағдайда жастарға ақыл айтып, өздерінің тәрбиеге толы асыл сөздерін аяған емес.

Өткен «Ауыл береке» жәрмеңкесіне бүкіл ауыл болып елдегі бар байлық ірімшік, құрт-майларын, ет-балық т.б. тағамнан тарту етіп, Қарағанды қаласына арнайы бағамен апарып саттық. Шалғайда жатса да, Құланөтпес елі қарап қалған жоқ.

Елдің әл-ауқатының жақсарып, тұрмыстың жақсаруы өз жемісін әкелуде. Бүгінде Қазақстан, оның Президентің бүкіл мемлекет танып, әлемнің түкпірінде танылып, өзінің бейбіт өмірі, мен ішкі тұрақтылығымен дамып келеді.

Алдымызға қойған әлі де небір биік мақсаттар бар. Оған қол жеткізуге қазіргі заман бізден мықты күш-жігер, бірігіп жұмылуды, жаңашыл, шынайы көзқарас пен тәсілдер қолдануды талап етеді.

Еліміздің тәуелсіздігі нық орнап, ұрпағымыз бақытты, тұғыры биік болсын!

**К. Қаласов,**
**Құланөтпес ауылының әкімі.**

## Жандар батыр

Қазақпыз басымыздан не кешпеген,
Күн болған мұз жастанып, бел шешпеген.
Түскенде ел тағдыры таразыға,
Жау барма жаға жыртып белдеспеген.
Шайқасып бір-бірімен қазақ, қалмақ,
Аямай түссе ауызға жұтқан жалмап.
Хауіп боп қадам басса аяқ асты,
Қалу да қиын еді жанды қармап.
Қыспаққа түсіп жүрді қазақ елі,
Тапталып кейде жауға туған жері.
Көрсе де адам төзбес ауырлықтан
Қалған жоқ беті қайтып, сынып белі.
Ол кезде алысқанмен алысатын.
Қаймықпай шабысқанмен шабысатын.
Қорғаған ар намысын жан берсе де
Қорлатып көрген емес қазақ атын.
Жау жүрек батыр да еткен, билер де өткен,
Істері аңыз болып бізге жеткен.
Демейме жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,
Кім туып, кім шықпайды қалың көптен.
Айтарым осылардың бірі ғана.
Күш салып, елін қорғап, болған пана.
Әңгіме көп аузында джүрген тарап,
Жырлайын естігенді келсе шама.
Бұл істің біздің жерде болғаны рас,
Еш адам күдіктеніп, шүбә қылмас.
Халқы үшін жан қиюға дайын тұрған,
Ескіріп ер есімі естен қалмас.

Қаңтарылу

Көп қалмақ жоңки кешкен елден ауып,
Алмақ боп жайлы қоныс, мекен тауып.
Арқаға алыстағы көз тастаған,
Елдерді жолындағы алған шауып.
Нұраны көріп отыр күміс сулы,
Көк құрақ талдары өскен қалың нуды.
Шетінен түгін тартсаң май шығатын
Бұл жерде мекендеуге белін буды.
Байқады биік тұрған Карттың тауын,
Алғандай әдемі жер көздің жауын.
Сай-сайдан мөлдіреген бұлақ ағып,
Көрді оның сәуле беріп жарқырауын.
Нұраға құйылады Есенкелді,
Көктемде басып өтіп талай белді.
Жер екен, малға жайлы шебі шүйгін,
Мұны да кешкен елдің көзі көрді.
Нұраның жиегінде жеке төбе,
Көп жұрттың көзін көрген өзі көне.
Өткенге ертедегі куә боп тұр,
Дәл мұны жай төбенің бірі деме.
Өзенге іргесінде ел қонатын,
Басынан қарауылдап жер шолатын,
Қарайтын жау да, дос та жан-жағына,
«Қарауыл төбе» дейді оның атын.
Жау қонды қанат жайып етегіне,
Жеткендей туып-өскен «мекеніне».
Мал сойып мәре-сәре болып жатыр
Көз жетіп жердің жайлы екеніне.
Нелер жау кездессе де бір иілмей,
Көшкен ел жарақтанып тас түйіндей
Бәріне басшы болған ноянадары,
Келеді әлі күнге бір сүрінбей
Ел үркіп маңайдағы көшіп кетті,
Білмейді сасқалақтап барар беті.
«Ортаға қалың бетті жау келді» деп
Суық сез талай жерді шарлап етті.
Кенеттен жұрт дүрлігіп дабыл ұрған,
Жер жарған дауыс шықты «аттандаған»
Қорғамай елін, жерін кім жатады.
Бірі жоқ ер жігіттің үйде қалған.
Тұр еді тебе үстінде бір салт атты,
Шаңдатқан көкжиекке қарап қапты.
Көрді де қалың топты суыт келген,
Ноянға хабарлауға тұра шапты.
Қаперсіз жатқан қалмақ тиыш қана,
Әпсәтте дайын болды жарақтана.
Жарқылдап болат найза, алмас қылыш,
Сап түзеп тұра қалды рухтана.
Кешікпей жасақты қол асып қырдан,
Таянды жер шетіне қалмақ тұрған.
Бөлініп төрт-бес адам елшілікке,
Жауменен тілдесуге кеңес құрған.
Жиналды он шақты адам екі жақтан,
Ортада басын қосып, шығып саптан.
Арындап бірін-бірі сөзбен шалып,
Өйтеуір соғыспаудың жолын тапқан.
Сынамақ күштілерді жекпе-жекте,
Салмақты түсірмей-ақ тұрған көпке.
Батыры кімнің жеңсе, жер соңыкі,
Дәл мұндай әділ іске болмас өкпе,
Келісті екі жақта белді байлап,
Қалмақтан шықты бір дәу кару сайлап.
Секілді қара бура көбік шашқан,
Тістерін сақылдатар көзі жайнап.
Үркітіп сескендірер түсі суық,
Маңына бара алмас таяп жуық,
Ақырар арыстандай айбат шегіп,
Ажалға кім барады белін буып.
Қазақтан шықпады ешкім қаптап келген,
Сескеніп дірілдейді оны көрген
Булығып намыстанып біреулер жүр,
«Мұнан да жақсы еді,-деп- соғыста елген»
Саңқылдап дәл ортаға шықты шешен,
Сөзбен де, ақылмен де болған көсем.
«Табыңдар бір батырды не қылсаң да
Еліңнің, қалың жұрттың қамын жесең.
Бір мықты, жүректіні көрген бар ма,
Толғанып көріңдерші ойыңа ал да,
Айырылып, ата-мекен туған жерден
Апыр-ай, кеттік бе біз құр арманда?
Сөйледі намыс буып, жыламсырап,
Ерлерді маңайдағы тұрды сұрап.
Қасына алдиярлап жетіп келді,
Бір жігіт топ шетінде тұрған жырақ.
«Айтайын бір адамды сұрасаңыз,
Баяндап суреттейін ұнатсаңыз,
Теңесер оған күшті жан көрмедім,
Палуанның алып тұлға өзі нағыз...
Руы –Мәмбет елі, аты Жандар.
Онда жоқ құлық-сұмдық кісіні алдар,
Жүреді бабыменен балпаң басып
Аңқаулық мінезіне жұрт таң қалар.
Қысы-жазы түспейді үстен жарғақ тоны,
Үй менен мал арасы жүрер жолы.
Мінеді жалдан ұстап шу асауды
Бұлқынтып тырп еткізбей басып оны.
Құдыққа тайғанақтап түскен нарды
Суырып арқан байлап өзі-ақ алды.
Бөріні қойға түскен қорадағы
Шап беріп ұстағанын көзім шалды.
Жүргенде құлын байлап, желі құрып,
Тоқпақпен көрген емес қазықты ұрып,
Қолымен жерге терең батырады,
Діземен нығырлайды тағы тұрып...
Бажайлап айтып еді батыр жайын,
Жұрт тыңдап ұйып тұрды айтқан сайын,
Жілігін ту түйенің қолмен ұрып,
Оп-оңай алады екен оның майын.
Кезі жоқ абыржыған асып, сасып.
Қалмайды қиындықтан қажып, жасып.
Көрмеген жазда ыстықтап, қыста тоңып,
Болыпты сары аязда кеудесі ашық.
Маңына жоламаған ұры-қары,
Жүреді көбі қорқып онан әрі.
Сенгендер өз әліне кездеспесе,
Сескенер мұны білген жұрттың бәрі.
Жүріпті бір түн өзі жылқы жайлап,
Тартпай некен-саяқ шоқтап айдап.
Ұрылар сарт-сұрт ұрып сойылменен,
Жалғызды ортаға алып тиді айқайлап.
Секілді кепті керген жырынды жау
Түрі жоқ жіберетін мұны аман-сау.
Мардамсып қаруы жоқ жалғыз жанға
Бәрі де ортаға алып келді таяу.
Атын кеп шаужайында ұстай алды
Аямай бас көз демей ұрып қалды.
Екеуін ат үстінен жұлып алып,
Шыңғыртып тақымына қыса салды.
Тұрған жоқ Жандар батыр әлі сасып,
Қозғалды атқа енді қамшы басып.
Айғайлап қалғанына ұмтылғанда,
Бәрі де бет-бетімен кетті қашып...»
Осылай тәмәмдады әңгімесін
Тамсанып кетіргендей елдің есін.
Қос атты алдыруға дайындатты,
Тоқталып бөгеледі енді несін?
Қуанды естіген жұрт көңілі есіп,
Кім қимақ туған жерін алтын бесік.
Жігітті қос атпенен аттандырды,
«Қолдай гер Құдай өзің, аруақ» десіп.
Хабаршы суыт жүріп түспей аттан,
Таппақшы оны Аймысық, көккөз жақтан,
Ер Жандар жайлауында жүре тұрсын,
Қалмақтан сез қозғайық мұнда жатқан.

Шешілген түйін

Сескенді қалмақ тегіс туын тігіп,
«Қазақтар қалды ғой,- деп тізе бүгіп,
Ер жүрек бір адамы көрінбейді.
Сорлылар отыр-ау деп бәрі бұғып.
Таба алмай жауға шығар бір адамды.
